Білім алушылардың қозғалысы бойынша келтірілген деректерден контингент тұрақты екені байқалады. Аудан басындағы екі білім беру ұйымының болуы, және де екінші мектеп жанында интернаттың болуына байланысты ауылдық аймақтардағы негізгі мектеп бітірген балаларын әкелуге ниет білдірген ата-аналар мекен жайының алшақтығына байланысты интернатқа орналастырып оқытуға мәжбүр.

4-БӨЛІМ. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

4.1. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім мазмұнына өлшемшарттар: (білім беру ұйымы басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының болуы және оларға сәйкестілігі)

Әр оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарлары аудандық білім бөлімінің басшысымен келісіліп, педагогикалық кеңесте бекітіліп отырады. Оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы Білім беру ұйымында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптары 2-қосымшаның 10, 11, 15 тармақтары (Бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандарты), 3-қосымшаның 23, 25, 26, 28, 29, 31, 33, 34, 36 тармақтары (Негізгі орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты), және 4- қосымшаның 23, 28-тармақтары (Жалпы орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 08.11.2012 жылғы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің

үлгілік оқу жоспарлары 1,6,86 қосымшаларына сәйкес жасалды.

2022-2023 оқу жылының оқу жұмыс жоспары

https://drive.google.com/file/d/1TwBACaoqaUhWZd69tTHqNvf8SShoPggv/view?usp=drive_link

2023-2024 оқу жылының оқу жұмыс жоспары

https://drive.google.com/file/d/1EB1C1W082oMIqRpts8NuHQm1_fGXpW2C/view?usp=drive_link

2024-2025 оқу жылының оқу жұмыс жоспары

https://drive.google.com/file/d/1nK_PeELQOWGp8Wft6sWlciVKvkoG19FN/view?usp=drive_link

2022-2023 оқу жылындағы жұмыс оқу жоспары

2022-2023 оқу жылында 1-11-сыныптар жаңартылған білім мазмұны бойынша бекітілген үлгілік оқу бағдарламалармен білім алады.

2022-2023 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

Мектепалды даярлық сыныптарда тәрбие мен оқыту жүйесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы;

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 3-қосымшасы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына

- ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары.

1-4-сыныптарда білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 1-қосымшасы (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);

- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022 жылғы № 412 бұйрығының 1-қосымшасы, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 1-қосымшасында көрсетілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің жұмыс оқу жоспарына сәйкес жаңа редакцияда жазылды (2022 жылдың 1 қыркүйектен бастап құқықтық қатынастарға қолданылды);

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы).

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).

- Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы.

5-11-сыныптарда білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 5-9 сыныптар үшін - 6-қосымшасы (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);

- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022 жылғы №412 бұйрығына 39-қосымшасы, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 86-қосымшасындағы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары (2022 жылдың 1 қыркүйектен бастап құқықтық қатынастарға қолданылды);

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін

пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);

- Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыттағы, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «21» сәуірдегі № 154 бұйрығына қосымша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 425-қосымшасы;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №363 бұйрығы;

- «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);

- «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы).

- Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты мектептердің оқу процесін ұйымдастырудың әртүрлі форматтарына дайындығы қамтамасыз етіледі. Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» (2020 жылғы 11 тамыздағы №ҚР ДСМ-96/2020 бұйрығы);

- «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022-2023 оқу жылында оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынды.

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысымен бекітілген Жалпы білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім) қызметінің үлгілік қағидаларының 19-тармағына сәйкес 3Б, 4Б сыныптарында ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар оқытылады.

Инклюзивтік сыныпта оқитын ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы мен ұсынымдары бойынша жалпы білім берудің оқу бағдарламасы бойынша білім алуы жоспарланып, білім алушымен жеке дамыту жұмыстарын психологиялық қызмет атқарады.

2022-2023 оқу жылында мектептің оқу үрдісін ұйымдастырудың

ерекшеліктері мына төмендегі факторларға негізделеді:

Мектепалды даярлық сыныптары:

5 жастағы балаларды мектепалды даярлау міндетті және отбасында, мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады («Білім туралы» ҚР Заңы 30-бап). Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттері:

- балаларда оқу әрекетінің ұйымдастырылған мінез-құлқының дағдыларын қалыптастыру (танымдық белсенділік, шығармашылық);
- мектепке оқу үшін қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастыру (жауапкершілік, зейінділік, дербестік, ынталық);
- ұжымдық әрекетте бірлесіп әрекет ету дағдыларына тәрбиелеу (құрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т. б.);
- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;

- баланың мектепке эмоционалды-оң көзқарасын, оқуға деген ынтасын дамыту.

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды даярлық сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатта 2022-2023 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;

- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;

- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;

- Отанды, ана тілін сүйеу, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;

- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

- тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;

- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Стандарт негізінде және ҰОЖ сәйкес физикалық дамыту, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын

қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады: дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру); жүзу (жүзу бассейні болған кезде); сөйлеуді дамыту; көркем әдебиет; сауат ашу негіздері; қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда); сенсорика; математика негіздері; құрастыру; қоршаған ортамен таныстыру; сурет салу; мүсіндеу; жапсыру; музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

Бастауыш білім беру деңгейінде:

2022-2023 оқу жылында республиканың жалпы білім беретін мектептерінде бастауыш білім беруді ұйымдастыру «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-қосымшаға сәйкес «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (бұдан әрі – Стандарт) бойынша жүзеге асырылады.

Бастауыш білім беруді ұйымдастыру Стандартта айқындалған мақсат пен ондағы күтілетін нәтижеге бағдарлануы тиіс. 2022-2023 оқу жылында осы Стандартқа мынадай өзгерістер енгізілді:

1) «Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны «Дүниетану» оқу пәнінде іске асырылады, оқу жүктемесі аптасына 1 сағат.

2) «Көркем еңбек» пәні «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндеріне бөлініп, тек 1-сыныптар үшін дербес оқу пәндері болып айқындалды.

«Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» оқу пәндерінде іске асырылады», - деген өзгеріс енгізілді. ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №595 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңестің шешімімен осы Оқу жоспарларының бірін таңдау арқылы оқу процесін ұйымдастыру жүзеге асырылады. 2022-2023 оқу жылында бастауыш білім беру процесін ұйымдастыру ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» №115 бұйрығына енгізілген толықтыруларға сәйкес жүзеге асырылады.

1-сыныпта «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқытуда сынып бөлінбейді. Үлгілік оқу жоспарындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар 169 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500, соңғы өзгерістер мен толықтырулар 2022 жылғы 26 қаңтардағы № 25 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады. «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі: 1-сыныпта, аптасына 0,5 сағатты, оқу

жылында 17,5 сағатты; 2-сыныпта аптасына 1 сағатты, оқу жылында 36 сағатты; 3-сыныпта аптасына 1 сағатты, оқу жылында 36 сағатты; 4-сыныпта аптасына 1 сағатты, оқу жылында 36 сағатты құрайды. 1-сыныпта «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні оқу жылының ІІ жарты жылдығынан бастап аптасына 1 сағаттан оқытылады.

«Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген № 496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілетін болады (2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына (188-2к қосымша), 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығына (4-қосымша) өзгерістер енгізілді). 1-сыныптағы «Цифрлық сауаттылық» оқу пәнінің базалық мазмұны білім алушылардың алгоритмдік ойлау қабілетін ойын программалау ортасында қалыптастыруға, робототехника жиынтығының негізгі компоненттерімен таныстыруға, қарапайым роботтар жинауға және оларды басқаруға бағытталған.

2022-2023 оқу жылында Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен бастауыш білім беру деңгейінің оқу пәндері бойынша жүргізілетін элективтік курс тақырыптары: «Қазақ тілі» пәні бойынша: 1 сыныпта - «Көркем жазу»; «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша 3 сыныпта - «Оқу сауаттылығы», 2 сыныпта - «Ләпбук», 4 сыныпта - «Мәнерлеп оқу», «Математика» пәні бойынша: 3 сыныпта - «Математика және логика», «Дүниетану» пәні бойынша: 4 сыныпта - «Мен және экология». Бұл курс тақырыптарын мұғалім өз сыныбындағы білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін, білім деңгейлерін ескеріп, таңдап алуы тиіс. Соған сәйкес мұғалім өзі таңдап алған курстың оқу бағдарламасын жасайды және ол мектептің әдістемелік бірлестік отырысында талқыланып, нәтижесінде педагогикалық кеңестің шешімімен бекітілуі тиіс. Курс мазмұны білім алушылардың метапәндік құзыреттіліктерін (ғылыми-танымдық, мәдени-әлеуметтік, тілдік-коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық) дамытуға бағдарланған заманауи білім беру технологиялары мен ресурстарын ұтымды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

«Оқу сауаттылығы» курсы оқу және жазу арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуды негізге ала отырып, шығармаларды түсініп оқуға, оқылған шығарманы жан-жақты талдап, еркін ойлауға, жазбаша, ауызша ой алмасуға, мәтін мазмұнын ашуға, автор іріктеген сөздер мен сөз тіркестерінде жатқан ұғымдарды түсінуге баулиды. «Мәнерлеп оқу» курсы дауыс интонациясы арқылы автордың ойын білдіру, мазмұндық ой екіпінін қойып, кейіпкердің көңіл күйін сезініп оқу. Мәнерлеп оқу арқылы оқушы шығарманың мазмұнын түсініп, ондағы көңіл күйді сезінеді, қиялына ерік береді. Оқушы сөйлеудегі ритм мен үнді, дауыстың бірде жоғарылап, бірде төмендеуін қолдана отырып сахналау өнеріне талпынады.

«Математика және логика» курсы білім алушылардың бойында теориялық білімдерін күнделікті өмірмен нақты, практикалық әрекеттер, ойындар, саяхаттау әрекеттері арқылы байланыстыра отырып, білімдерін өмірде

пайдалана білу жағдаяттарына төселдіреді, үнемділік, еңбекқорлық, адамзат еңбегін құрметтеу сияқты адами қасиеттерге баулиды.

«Лэпбук» курсы білім алушылардың оқуға арналған шығармалар тізімі таңдалып алынады. Сол шығармаларды оқушы үйде ата-анасымен бірлесе оқиды. Апта сайын бір отбасы өздері оқыған шығарма мазмұны жайлы әртүрлі формада (презентация, бейнежазба және т.с.с.) баласының сыныптастарымен таныстырады, қойылған сұрақтарға жауап береді. Сынып ұжымында сол шығарманы талқылап, түйінді ой шығарылады. Курс өзара коммуникативтік қарым-қатынасының артуына ықпал етеді. Ата-ана мен бала, мұғалім арасындағы байланысты күшейтеді. Оқушының танымдық ойлау қабілетін дамытады.

Негізгі орта білім беру деңгейі:

5-9 сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттер» курсын оқуға бөлінеді. «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, әдептік нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді. Курстың мақсаты: жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 5 - сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 18 сағат;
- 6 - сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 18 сағат;
- 7 - сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 18 сағат;
- 8 - сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 18 сағат;
- 9 - сыныпта-аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағат.

Курс бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген алты бөлімнен тұрады.

«Парасаттылық және әдеп» юниті білім алушылардың бойында әдептілік, тілектестік, адалдық, толеранттылық, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білу және мінез-құлық мәдениетінің жоғары стандарттарын білдіретін жеке қасиеттерін дамытуға ықпал етеді.

«Азаматтылық және патриотизм» юниті қазақстандық қоғамның бірдей кодын және мемлекеттілікті құрметтеуді, азаматтық ұстаным мен жауапкершілікті қалыптастыруды, адамдардың қоғамдағы өзара қарым-қатынасын, отбасындағы өзара көмекті, халықаралық сананы қалыптастыруды насихаттайды.

«Медиа және қаржылық сауаттылық» юнитінде медиакеңістік және қаржылық сауаттылықтың негізгі ұғымдарымен және заңдылықтарымен танысады. Қоғамда белсенді өмір сүріп, әлеуметтену үшін қажетті дағды түрлерін қарастырып, ақпаратты талдау, бағалауды дамытады.

«Өмір қауіпсіздігі» юниті адам өмірі мен денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, даралықты, жеке өмірге қол сұқпау және құпиялық құқығын сақтауға, қорқыту мен зорлық-зомбылықтан қорғану, адам өмірін сақтап қалу жолдарымен танысуға бағытталған.

«Экологиялық мәдениет» юнитінде білім алушылар экологияның негізгі заңдылықтарымен танысады. Өз денсаулығына, айналасындағы адамдарға және табиғатқа жағымды көзқараста болып, ұқыппен қарауды үйренеді.

«Зайырлылық және дінтану» юниті (9-сынып) білім алушылардың құқықтық және діни сауаттылығын қалыптастыруға, зайырлылық қағидатын құндылық ретінде түсінуге, діннің қоғам өміріндегі орнын, әлемдік діндердің, жалған діни және деструктивті діни ағымдардың тарихы мен қазіргі жағдайын зерделеуге бағытталған.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» юнитінің бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі №281 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы негізінде жасалған.

Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы) сәйкес сыныпты екі топқа бөлу 20 оқушысы бар 6, 9 А сыныптарында келесі пәндер бойынша жүзеге асырылады: шетел тілі, орыс тілі, информатика.

Жалпы орта білім беруде:

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

10-11 сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша вариативті компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі жалпы орта білім беру деңгейін құрайды: 10 сыныпта-1 сағат; 11 сыныпта-1 сағат. Сағаттар «Жаһандық құзыреттер» курсын оқуға бөлінді.

«Жаһандық құзыреттіліктер» курсы оқушылардың сыни ойлауын, зерттеу, коммуникация, жаһандық маңызы бар мәселелерді шешу мен талдау дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді.

Курстың мақсаты: білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру.

Курстың міндеттері:

- 1) білім алушыларда кәсіпкерліктің теориялық негіздерін қалыптастыру;
- 2) кәсіпкерлік ойлауды және өз әлеуетін іске асыру үшін мүмкіндіктерді көре білуді дамыту;
- 3) білім алушыларда қаржылық сауаттылықтың практикалық дағдыларын

қалыптастыру;

4) бизнес-идеяларды генерациялау және оларды кәсіпкерлік қызмет деңгейіне дейін дамыту дағдысына ие болу;

5) бизнестің өмір сүруін арттыру мақсатында бәсекелестіктің өзгеретін жағдайларында бизнес-модельдеу және бейімдеу дағдыларын дамыту;

6) зерттеу жүргізу, заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

7) өзінің жетістіктері мен өзінің өмірлік ұстанымы үшін жауапкершілікті тәрбиелеу болып табылады.

Осы курс аясында білім алушылар зерттеу дағдыларын дамыту үшін жобалық жұмыстарды орындайды. Әр сабақта олар жобалық іс-әрекеттің реттілігін жүзеге асыру үшін тапсырмаларды орындайды, әр бөлімде жобалық іс-әрекеттің кезеңдері бойынша: дайындық, жоспарлау, зерттеу, қорытынды, нәтижелерді ұсыну. жұмыстары қарастырылған.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022 жылғы №412 бұйрығына 39-қосымшасы, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 86-қосымшасындағы вариативтік компонентінің элективті курстар есебінен берілген 10 сыныпқа - 1 сағаты, 11 сыныпқа - 1 сағаты оқу бағдарламасына 2022 жылдың 1 қыркүйегінен және 2022-2023 оқу жұмыс жоспарына өзгерістер мен толықтырулар ретінде енгізілді. Көрсетілген бұйрыққа сәйкес 10 сыныптың - 1 сағаты «Әлемдік өркениет» курсына, 1 сағаты – «Сөз мәдениеті» курсына, 11-сыныптың - 1 сағаты қазақ тілінен жасалған «Эссе жазу» курсына берілсе, 1 сағаты «Физика және техника» курсына берілді.

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыттағы, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «21» сәуірдегі № 154 бұйрығына қосымша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 425-қосымша арқылы жүзеге асырылады.

Білім алушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін шыңдау және жетілдіру, сонымен қатар әскери істі оқып-үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында оқу жылының соңында спорттық-қорғаныс сауықтыру лагерлерінде, әскери бөлім базаларында (әскери бөлім басшылығымен келісе отырып) 10-сынып ұлдарымен 30 сағат көлеміндегі бес күндік оқу-далалық (лагерьлік) жиына 1 сағат вариативті бөлімінен қарастырылды.

Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаевтың жолдауы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде 11 сынып келесі пәндер бойынша топтарға бөлініп

оқытылады: физика, химия, биология, география, шетел тілі, информатика, дене шынықтыру.

Оқу жоспарының вариативтік компонентінен сағаттар жүктемесін бөлуде пән мұғалімдерінің жұмыс нәтижелері, арнайы сертификаттары, тәжірибелік жұмыстары, авторлық бағдарламалары және мектептің даму стратегиясының аясында құрылған педагогикалық жобалары ескерілді.

Жұмыс оқу жоспарында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқыту қазақ тілінде жүретін білім берудің үлгілік оқу жоспарларына негізделген инварианттық компоненті толық сақталды.

Жұмыс оқу жоспарында оқушылардың талап-тілектері, мектептің материалдық-техникалық базасы, мұғалімдердің мүмкіндіктері толық ескерілді.

2023-2024 оқу жылындағы жұмыс оқу жоспары

2023-2024 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады

Мектепалды даярлық сыныптарда тәрбие мен оқыту жүйесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы;

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 жылғы № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 3-қосымшасы, бұйрық 3-қосымшамен толықтырылды жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 жылғы № 394 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтары

- ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларына ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.10.2022 № 422 бұйрығымен енгізілген өзгерістер.

1-4-сыныптарда білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 жылғы № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

- «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына енгізілген өзгерістер Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығымен енгізілген өзгерістердің 1-қосымшасы;

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022 жылғы №399 бұйрығы 21.11.2022 жылғы № 467, 05.07.2023 жылғы № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен.

5-11-сыныптарда білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 жылғы № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 жылғы № 500 бұйрығы 6-қосымшасы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 жылғы № 365 бұйрығымен енгізілген өзгерістерінің 6-қосымшасы **5-9 сыныптар** үшін;

- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 жылғы № 500 бұйрығының 86-қосымшасы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022 жылғы № 412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерінің 39-қосымшасы **10-11 сыныптар** үшін;

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022 жылғы № 399 бұйрығы 21.11.2022 жылғы № 467, 05.07.2023 жылғы №199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» бұйрығы;

- «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 жылғы № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 жылғы №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

- Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 20.03.2015 жылғы № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» (ҚР БҒМ 3.11.2021 жылғы №547 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен);

- Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы);

- «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2023-2024 оқу жылында оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынады.

«Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 жылғы № 4 бұйрығы негізінде 4Б, 5Б сыныптарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар оқытылады.

Инклюзивтік сыныпта оқитын ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы мен ұсынымдары бойынша жалпы білім берудің оқу бағдарламасы бойынша білім алуы жоспарланып, білім алушымен жеке дамыту жұмыстарын психологиялық қызмет атқарады.

2023-2024 оқу жылында мектептің оқу үрдісін ұйымдастырудың ерекшеліктері мына төмендегі факторларға негізделеді:

Мектепалды даярлық сыныптары:

5 жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

- әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу;

- тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;

- физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік дағдыларды, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;

- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру;

- физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру;

- музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

Бастауыш білім беру деңгейінде:

2023-2024 оқу жылында бастауыш білім беруді ұйымдастыру «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 жылғы № 406 бұйрығымен

енгізілген өзгерістерімен 2-қосымшаға сәйкес «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» бойынша жүзеге асырылады.

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің бастауыш білім беру мазмұнына қойылатын талаптар:

- 1) қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік;
- 2) құрмет;
- 3) ынтымақтастық;
- 4) еңбек пен шығармашылық;
- 5) ашықтық;
- 6) өмір бойы білім алу базалық құндылықтар болып айқындалған.

"Технология және өнер" білім беру саласының мазмұны "Музыка", "Көркем еңбек", "Еңбекке баулу" және "Бейнелеу өнері" оқу пәндері арқылы беріледі. 1,2-сыныптарда «Еңбекке баулу», «Бейнелеу өнері» пәндері болып оқытылады.

1-сыныпта «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқытуда сынып бөлінбейді. «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі: 1-сыныпта, аптасына 0,5 сағатты, оқу жылында 17 сағатты; 2-сыныпта аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты; 3-сыныпта аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты; 4-сыныпта аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрайды. 1-сыныпта «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні оқу жылының II жарты жылдығынан бастап аптасына 1 сағаттан оқытылады.

«Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген № 496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілетін болады, 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығына (4-қосымша) өзгерістер енгізілді). 1-сыныптағы «Цифрлық сауаттылық» оқу пәнінің базалық мазмұны білім алушылардың алгоритмдік ойлау қабілетін ойын программалау ортасында қалыптастыруға, робототехника жиынтығының негізгі компоненттерімен таныстыруға, қарапайым роботтар жинауға және оларды басқаруға бағытталған.

Ағылшын тілі 3-сыныптан, орыс тілі 2-сыныптан бастап оқытылады.

Бастауыш білім беру сыныптарында вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі: 1-сыныпта – 1 сағатты; 2-сыныпта – 2 сағатты; 3-сыныпта – 1 сағатты; 4-сыныпта – 1 сағатты құрайды. 1-4 сыныптарда оқу жоспарының вариативті компонентінің дамыту сипаттағы және топтық сабақтарының сағаттарына 1 сыныптарға – «Жұмбақтар сандығы», 2 сыныптардың 1 сағаты – «Математика өмірде», 1 сағаты – «Робототехникаға», 3 сыныптарда – «Робототехникаға», 4 сыныптарда – «Робототехника» мен «Тоғызқұмалақ» сабақтарына берілді.

2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 30 бабына сәйкес бастауыш сыныптарда 20 толып немесе асқан 4 А (оқушы саны 21), 4 Б (бала саны 20, 1 инклюзия оқушысы бар) сыныптар топтарға төмендегі пәндер бойынша топқа бөлініп оқытылады: орыс тілі, шетел тілі, цифрлық сауаттылық.

Негізгі орта білім беру деңгейі:

5-9 сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттілік» курсын оқуға бөлінеді.

«Жаһандық құзыреттілік» курсы білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, әдептік нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді.

Курстың мақсаты: жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

«Жаһандық құзыреттіліктер» курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

5 - сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;

6 - сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;

7 - сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;

8 - сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;

9 - сыныпта-аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

Курс бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген алты бөлімнен тұрады.

«Парасаттылық және әдеп» юниті, «Азаматтылық және патриотизм» юниті, «Медиа және қаржылық сауаттылық» юниті, «Өмір қауіпсіздігі» юниті, «Экологиялық мәдениет» юниті, «Зайырлылық және дінтану» юниті.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» юнитінің бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі №281 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы негізінде жасалған.

№ 348 бұйрығының 43 бабына сәйкес сыныпты екі топқа бөлу 20 оқушысы бар 5 Б (18 оқушы бар, сонымен қатар 1 инклюзия оқушы бар 31 бапқа сәйкес инклюзивті білім беру шеңберінде 30-тармақта көрсетілген пәндер бойынша сыныпты топтарға бөлу әрбір ерекше білім беру қажеттілігі бар балаға сынып толымдылығындағы білім алушылардың жалпы санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылады), 6 А (20 оқушы), 7 (24 оқушы бар) сыныптарында жүзеге асырылады: шетел тілі, информатика, орыс тілі.

Жалпы орта білім беруде:

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022 жылғы №412 бұйрығына 39-қосымшасы, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 8 қарашадағы №500

бұйрығына 86-қосымшасындағы вариативтік компонентінің элективті курстар есебінен берілген 10-11 сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі жалпы орта білім беру деңгейін құрайды: 10 сыныпта - 2 сағат; 11 сыныпта - 2 сағат. «Жаһандық құзыреттілік» курсын 1 сағаттан оқуға бөлінді.

«Жаһандық құзыреттіліктер» курсы оқушылардың сыни ойлауын, зерттеу, коммуникация, жаһандық маңызы бар мәселелерді шешу мен талдау дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді.

Курстың мақсаты: білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру.

Осы курс аясында білім алушылар зерттеу дағдыларын дамыту үшін жобалық жұмыстарды орындайды. Әр сабақта олар жобалық іс-әрекеттің реттілігін жүзеге асыру үшін тапсырмаларды орындайды, әр бөлімде жобалық іс-әрекеттің кезеңдері бойынша: дайындық, жоспарлау, зерттеу, қорытынды, нәтижелерді ұсыну. жұмыстары қарастырылған. 10 А сыныбының 1 сағаты «Python» тілінде бағдарламалау» курсына, 1 сағаты - «Құқықтық ақпараттандыруға», 10 Б сыныптың 1 сағаты «Биологиялық модельдеу және қолданбалы есептер» курсына, 1 сағаты - «Эссе жазу стратегиясына», 11 сыныптың 1 сағаты «Этногеографияға», 1 сағаты - «Физика және экология» курсына берілді.

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «21» сәуірдегі № 154 бұйрығына қосымша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 425-қосымша арқылы жүзеге асырылады.

Білім алушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін шыңдау және жетілдіру, сонымен қатар әскери істі оқып-үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында оқу жылының соңында спорттық-қорғаныс сауықтыру лагерлерінде, әскери бөлім базаларында (әскери бөлім басшылығымен келісе отырып) 10-сынып ұлдарымен 30 сағат көлеміндегі бес күндік оқу-далалық (лагерлік) жиына 1 сағат вариативті бөлімінен қарастырылды.

Оқу жоспарының вариативтік компонентінен сағаттар жүктемесін бөлуде пән мұғалімдерінің жұмыс нәтижелері, арнайы сертификаттары, тәжірибелік жұмыстары, авторлық бағдарламалары және мектептің даму стратегиясының аясында құрылған педагогикалық жобалары ескерілді.

2024-2025 оқу жылына жұмыс оқу жоспары

2024-2025 оқу жылында мектептің оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан

Республикасындағы «Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары мен нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

Мектепалды сыныптарда тәрбие мен оқыту жүйесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 III Заңы;

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 3-қосымшасы, бұйрық 3-қосымшамен толықтырылды жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 жылғы № 394 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтары

- ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларына ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.10.2022 жылғы № 422 бұйрығымен енгізілген өзгерістер.

1-4-сыныптарда білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

- "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 8 ақпандағы № 27 бұйрығына 1-қосымшасы;

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, тандау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022 жылғы №399 бұйрығы;

- «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 және «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығы

5-11-сыныптарда білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 26.10.2023 жылғы № 323 бұйрығының 6-қосымшасы 5-9 сыныптар үшін;

- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 26.10.2023 жылғы № 323 бұйрығының 86-қосымшасы 10-11 сыныптар үшін.

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, тандау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022 жылғы №399 бұйрығы 21.11.2022 жылғы № 467, 05.07.2023 жылғы № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен.

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» бұйрығы;

- «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 жылғы №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

- Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 20.03.2015 жылғы № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» (ҚР БҒМ 3.11.2021 жылғы №547 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен)

- Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 жылғы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы

- «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2024-2025 оқу жылында оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынады.

Мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысы «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығымен және «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығымен, «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы

Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрықтары негізінде 5 Б, 6 А, 6 Б сыныптарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар оқытылады.

Инклюзивті сыныпта оқитын ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы мен ұсынымдары бойынша жалпы білім берудің оқу бағдарламасы бойынша білім алуы жоспарланып, білім алушымен жеке дамыту жұмыстары жүргізіліп, психологиялық қызмет атқарады.

2024-2025 оқу жылында мектептің оқу үрдісін ұйымдастырудың ерекшеліктері мына төмендегі факторларға негізделеді:

Мектепалды сыныптары:

5 жастағы балаларды мектепалды даярлау міндетті және отбасында, мектепке дейінгі ұйымдардың мектепалды даярлық топтарында, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің және гимназиялардың мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады («Білім туралы» ҚР Заңы 30-бап). Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттері:

- балаларда оқу әрекетінің ұйымдастырылған мінез-құлқының дағдыларын қалыптастыру (танымдық белсенділік, шығармашылық);
- мектепке оқу үшін қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастыру (жауапкершілік, зейінділік, дербестік, ынталық);
- ұжымдық әрекетте бірлесіп әрекет ету дағдыларына тәрбиелеу (кұрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т. б.);
- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;
- баланың мектепке эмоционалды-оң көзқарасын, оқуға деген ынтасын дамыту.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары бастауыш білім беру мазмұнымен сабақтастықты қамтамасыз ететін ұйымдастырылған іс-әрекеттің мынадай түрлерін қамтиды: коммуникативтік («Сөйлеуді дамыту», «Көркем әдебиет», «Қазақ тілі»), коммуникативтік және танымдық («Сауат ашу негіздері»), танымдық және зерттеу («Математика негіздері», «Қоршаған ортамен таныстыру» («Сурет салу», «Музыка», «Жапсыру»).

Бастауыш білім беру деңгейінде:

2024-2025 оқу жылында республиканың жалпы білім беретін мектептерінде бастауыш білім беруді ұйымдастыру «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-қосымшаға сәйкес «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (бұдан әрі – Стандарт) бойынша жүзеге асырылады.

2024-2025 оқу жылында «Көркем еңбек» пәні «Еңбекке баулу» және

«Бейнелеу өнері» пәндеріне бөлініп, 1-3 сыныптар оқытылады. «Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» оқу пәндерінде іске асырылады.

1-сыныпта «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқытуда сынып бөлінбейді. «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі: 1-сыныпта, аптасына 0,5 сағатты, оқу жылында 16,5 сағатты; 2-4 сыныпта аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрайды. 1-сыныпта «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні оқу жылының ІІ жарты жылдығынан бастап аптасына 1 сағаттан оқытылады.

«Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген № 496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына, ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022 жылғы № 399 бұйрығының 188-2 қосымшасы, 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы 4-қосымшасына сәйкес жүргізіледін болады. 1-сыныптағы «Цифрлық сауаттылық» оқу пәнінің базалық мазмұны білім алушылардың алгоритмдік ойлау қабілетін ойын программалау ортасында қалыптастыруға, робототехника жиынтығының негізгі компоненттерімен таныстыруға, қарапайым роботтар жинауға және оларды басқаруға бағытталған.

Бастауыш білім беру сыныптарында вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі: 1-сыныпта – 1 сағатты; 2-сыныпта – 2 сағатты; 3-сыныпта – 1 сағатты; 4-сыныпта – 1 сағатты құрайды. 1-4 сыныптарда оқу жоспарының вариативтік компонентінің белсенді-қозғалмалы сипаттағы және топтық сабақтарының сағаттарына математикалық сауаттылықты, математикалық сөйлеу мәдениетін қалыптасырып, білім алушылардың логикалық ойлау қабілеттерін, зейінің, есте сақтау қабілеттерін дамытуға бағытталған 1 сыныптарға – «Қызықты математика», 2 А сыныбының 1 сағаты «Шахмат», 1 сағаты – «Робототехникаға», 2 Б сыныбының 1 сағаты «Шахматқа», 1 сағаты ағылшын тілі пәні бойынша "Step into English" сабақтарына, 3 сыныптарға «Занимательный русский», 4 А сыныбына «КБМ телестудиясы», 4 Б сыныбына «Шебер қолдар» сағаттарына бөлінді.

Осы 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 30 бабына сәйкес бастауыш сыныптарда 20 оқушысы бар 2 А сынып топтарға төмендегі пәндер бойынша топқа бөлініп оқытылады: орыс тілі, цифрлық сауаттылық.

Негізгі орта білім беру деңгейі:

5-9 сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттілік» курсын оқуға бөлінеді.

«Жаһандық құзыреттілік» курсы білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, әдептік нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді.

Курстың мақсаты: жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

«Жаһандық құзыреттіліктер» курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 5 - сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;
- 6 - сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;
- 7 - сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;
- 8 - сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;
- 9 - сыныпта-аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

Курс бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген алты бөлімнен тұрады.

«Парасаттылық және әдеп» юниті, «Азаматтылық және патриотизм» юниті «Медиа және қаржылық сауаттылық» юниті, «Өмір қауіпсіздігі» юниті «Экологиялық мәдениет» юниті және «Зайырлылық және дінтану» юниті (9-сыныпта қосылады). «Зайырлылық және дінтану негіздері» юнитінің бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі №281 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы негізінде жасалған.

№ 348 бұйрығының 43 бабына сәйкес сыныпты екі топқа бөлу 20 оқушысы бар 5 Б, 6 Б (18 оқушы бар, сонымен қатар 1 инклюзия оқушы бар 31 бапқа сәйкес инклюзивті білім беру шеңберінде 30-тармақта көрсетілген пәндер бойынша сыныпты топтарға бөлу әрбір ерекше білім беру қажеттілігі бар балаға сынып толымдылығындағы білім алушылардың жалпы санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылады), 8 (21 оқушы бар) сыныптарында жүзеге асырылады:

- 1) шетел тілі;
- 2) көркем еңбек (бала санына қарамастан);
- 3) информатика;
- 4) орыс тілі.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға тиісті дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысымен инклюзивтік білім беру және 8 сынып оқушысының 04.09.2024 жылғы № 57 дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысымен ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 № 194 бұйрығының № 55 қосымша негізінде үйде оқыту ұйымдастырылады.

Жалпы орта білім беруде:

10-11 сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша вариативті компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі: 10 сыныпта - 2 сағат; 11 сыныпта - 2 сағат.

1 сағат «Жаһандық құзыреттілік» курсын оқуға бөлінді.

«Жаһандық құзыреттілік» курсы оқушылардың сыни ойлауын, зерттеу, коммуникация, жаһандық маңызы бар мәселелерді шешу мен талдау дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді.

Курстың мақсаты: білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын

қалыптастыру.

Осы курс аясында білім алушылар зерттеу дағдыларын дамыту үшін жобалық жұмыстарды орындайды. Әр сабақта олар жобалық іс-әрекеттің реттілігін жүзеге асыру үшін тапсырмаларды орындайды, әр бөлімде жобалық іс-әрекеттің кезеңдері бойынша: дайындық, жоспарлау, зерттеу, қорытынды, нәтижелерді ұсыну жұмыстары қарастырылған.

Вариативтік компонентінің элективті курстар есебінен берілген 10 А сыныптың 1 сағаты «Құқықтық ақпараттандыру», 1 сағаты «Тұтас мәтін арқылы оқу сауаттылығын дамыту» курстарына, 10 Б сыныбының 1 сағаты «Фото және бейнені монтаждау негіздері», 1 сағаты «Физика және экология» курсына, 11 А сыныбының 1 сағаты «Мәтінтану», 1 сағаты «Физика және экология» курсына, 11 Б сыныбының 1 сағаты ағылшын тілінен жасалған «Grammar in English» курсына, 1 сағаты «Физика және экология» курсына бөлінді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті жалпы орта білім беру стандартының 4-қосымшасының 23-тармағының 8-тармақшасына, 38, 44-тармақтарына сәйкес 10-11-сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық даярлық» білім беру саласы пәнінен тұрады.

10-11-сыныптарына арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыттағы) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «21» сәуірдегі № 154 бұйрығына қосымша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 425-қосымша арқылы жүзеге асырылады.

10-сынып білім алушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін шыңдау және жетілдіру, сонымен қатар әскери істі оқып-үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында оқу жылының соңында спорттық-қорғаныс сауықтыру лагерлерінде, әскери бөлім базаларында (әскери бөлім басшылығымен келісе отырып) 10-сынып ұлдарымен 30 сағат көлеміндегі бес күндік оқу-далалық (лагерлік) жиыны өткізіледі. Оқу-далалық (лагерлік) жиындар талаптары Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы, 127-қосымшада берілген бағдарламаға сәйкес міндетті оқытылады және «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің мұғалімінің лауазымдық міндетіне енеді.

Сабақ кестелері:

2022-2023 оқу жылының сабақ кестесі

<https://krguo.edu.kz/loader/fromorg/344/3323>

2023-2024 оқу жылының сабақ кестесі

<https://krguo.edu.kz/loader/fromorg/344/3323>

2024-2025 оқу жылының сабақ кестесі

<https://krguo.edu.kz/loader/fromorg/344/3323>

Сабақ кестесі мектептің бекітілген оқу жұмыс жоспарына сай құрылып, бекітіледі және "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік

қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № 207 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен № ҚР ДСМ-76 5 тамыз 2021 жыл бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес жасалды. Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы және реті көрсетіледі және білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануы мен белсенді демалуы үшін ұзақтығы жеткілікті үзілістерді көздейді. Апталық оқу жүктемесі нормадан аспауында қағиданың 3-қосымшасы ескерілді. Бір күн және бір аптаның ішіндегі оқушының ақыл-ой еңбегіне қабілеттілік серпіні ескеріліп, пәндердің қиындығы бойынша саралауда ереженің 4-қосымшасы ескерілді, 5-тарау 73-тармағындағы бастауыш сыныптарда қосарланған сабақтар қойылған жоқ. Бір күн және бір аптаның ішіндегі оқушының ақыл-ой еңбегіне қабілеттілік серпіні ескерілді. 74-тармақ бойынша сабақ кестесі міндетті және вариативті компоненттегі сағаттар үшін жеке жасалды. Сабақ кестесі ата-аналар комитетімен келісілді (72-тармақ). 74- тармақтағы оқу жиынының салмағы 1-3 сыныптар үшін 1,5-2,0 кг, 4-5 сыныптар үшін 2,0-2,5 кг, 6-7 сыныптар үшін 3,0-3,5 кг, 8-11 сыныптар үшін 4,0-4,5 кг-нан аспауы ескерілді. Мектепалды даярлық сыныптары үшін 76 - тарау басшылыққа алынды. Сабақ кестесіндегі үзілістерді, екі ауысым арасындағы уақытты қоюда 75-тармақ ескерілді: бір үлкен үзілістің орнына екінші және төртінші сабақтан кейін 15 минуттан екі үзіліс жасалды. Сонымен қатар әрбір сыныптар бойынша үй тапсырмасының көлемінің талапқа сәйкестілігі ескеріліп, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №132 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдары» басшылыққа алынды. Сабақ кестелері «Bilimal» автоматтандырылған басқару жүйесінің электронды журналына енгізілген. Журнал толтырылуы, жүргізілуі үнемі бақылауда ұсталады: мұғалімдердің журналды талапқа сай толтырылуы, күнделікті білім алушылардың бағалануы, жиынтық бағалаулары, емтихан, қорытынды бағаларының қойылуы, оқушылар мәліметтерінің толтырылуы. Әкімшілік тарапынан бір күнде 1 сыныпта 3-тен аса тоқсандық жиынтық жұмыстарының болмауы назарда ұсталады, тоқсан алдында алдын-ала жиынтық бағалау кестелері бұйрықпен бекітіледі. Жіберілген кемшіліктер бойынша (уақытында ТЖБ күнін есеппей белгілемен себептер, уақытында бағаламау) түсініктемелер жиналып, АКТ жасалып, әкімшілік шаралар қолданылады.

4.2.Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игерту.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 03.04.2013 жылғы №115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру өлшемшарттары бойынша

жұмыс оқу жоспарындағы инвариантты компонент пәндері бойынша бағдарламаның орындалысы әр оқу жылы басталарда әдістемелік пән бірлестіктерінде оқыту бағдарламаларына сай ҰМЖ талданып, әдістемелік кеңесте мақұлданып, мектеп директорымен бекітіліп «Bilimal» автоматтандырылған басқару жүйесінің электронды журналына ендіріледі, үлгілік бағдарламада белгіленген оқу мақсаттарының орындалысы, білімнің стандарт талаптарына сәйкестілігі, апталық, тоқсандық, жылдық бағдарламаның орындалысы жыл ішінде мектепшілік бақылауда қаралып, сараланып отырады, оқу тоқсаны сайын пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, ай сайын электронды сынып журналдары қаралады. Нәтижесінде әр оқу пәні бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарларының үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнына сәйкес жасалғаны және жоспарланған барлық тақырыптардың сабақ кестесіне сәйкес өткізілгені және орындалғаны анықталды. Яғни, ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 12, 13, 14,16, 18, 20, 22, 24-тармақтары (Бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандарты), 3-қосымшасының 25, 27, 30, 32, 35, 37-тармақтары (Негізгі орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 23, 28-тармақтары (Жалпы орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты) талаптары орындалып тұр.

2022-2023 оқу жылы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының (бұдан әрі Стандарт) 3-қосымшасының 43-тармақтары (Негізгі орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты) негізінде сыныптардағы білім алушылар саны 24 және одан артық болмағандықтан оқу жылы басында «Көркем еңбек» пәні топтарға (ұл/қыз) бөлінген жоқ, одан кейін Стандартқа 2022 жылдың 23 қыркүйегінде №406 бұйрықпен өзгерістер енгізілді, бұйрық қолданысқа қазан айында берілді, сол себептен Стандарттағы 3-қосымшасының 43-тармақтары (Негізгі орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты) өзгерістерде «Білім беру ұйымдарында көркем еңбек бойынша сыныптың толымдылығына қарамастан ұлдар мен қыздарға сыныпты екі топқа бөлуге болады» деп толықтырылды, сондықтан 5-9 сыныптарды ұлдар/қыздар тобына бөліп оқытылды. 2022-2023 оқу жылының 1-тоқсанда ұлдар/қыздарға арналған «Көркем еңбек» пәнінің бағдарламасы және жылдық 5-6 сыныптарда – 72 сағат, 5-9 сыныптарда -36 сағат толық орындалды.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында барлық пәндер бойынша оқу бағдарламаларының мазмұны МЖМБС-ның жалпы талаптарына сәйкес келеді. 1-11 сыныптардағы ҰМЖ жаңартылған білім беру мазмұнының бағдарламаларына сәйкес келеді. Оқу білім мазмұны оқу мақсаттарына сәйкес

болуын қамтамасыз ету пән мұғалімдерінің оқу процесінде жүзеге асырылады, сондықтан үнемі қадағаланады. Бөлім бойынша жиынтық бағалаулар барлық пәндерден 100% қойылған, ТЖБ саны талапқа сай орындалған.

4.3. Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыруда ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 5- тармағы (Бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандарты), 3- қосымшасының 7, 12,17 - тармақтары (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 4,6 -тармағы (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарын орындаудамыз.

Мектептің тәрбие жұмысы әр оқу жылында өзінің проблемалық бағдарлы талдауы бойынша мақсат-міндеттерін айқындай отырып жұмыс жасайды. Мектептің оқу-тәрбие жұмысын жүргізуде төмендегі мемлекеттік нормативтік актілерде белгіленген нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа алып жұмыс жасайды:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ «Білім туралы» заңы;
- «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы №345;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген орта білім берудің (бастауыш,негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025

жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-ІҮ
- 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы;
- «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламат тығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жыл дарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.08. 2023 жылғы № 748 қаулысы;
- «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214- ІҮ;
- «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтары на әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін

бекіту туралы» ҚР БҒМ 25.05.2021 жылғы № 235 бұйрығы;

- Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы ҚР 2004 жылғы 9 шілдесіндегі № 591 заңы;

- «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы № 789 қаулысы;

- ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы;

- «Рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы;

- «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілде;

- «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы;

- «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қ.Р 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-ҮІ;

- «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқаулық;

- «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспар 2023 жыл 19.09 № 294;

- «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі» ММ №194 30.07.2024 жылғы бұйрығы;

- Қарағанды облысында балаларды зорлық – зомбылықтан, суицидтің алдын алудан қорғау және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған Кешенді жоспарды іске асыру жөніндегі жол картасы.

Жылдың басында нормативтік-жоспарлау құжаттары жинақталып, жұмыс барысында пайдаланылды. Сонымен қатар кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алу туралы Ереже, сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі туралы Ереже, оқушылардың өзін-өзі басқаруы туралы ереже, психологиялық қызмет туралы және әлеуметтік – психологиялық қызмет туралы ереже, кәсіптік бағдар беру қызметінің жұмысы туралы ережелер басшылыққа алынып жұмыстар жүргізілді.

Ата-аналар жиналыстарының, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңестердің, сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің отырыстарын өткізу кестелері әзірленіп, бекітілді.

- Тәрбие жұмысын жоспарлау кезінде Қ.Р Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604, «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі» ММ №194 30.07.2024 жылғы бұйрығы басшылыққа алынды.

Сынып жетекшілер мектеп жоспары мен оқушылардың қызығушылықтары мен мұғалімнің мүмкіндіктеріне сәйкес жұмыс жоспарын жасады. Жоспарға жалпы мектепшілік іс-шаралар, сыныптың дәстүрлі іс-шаралары, сынып сағаттары енгізілді. Мектептегі тәрбие жұмыстарының жай-күйі мен нәтижелілігіне және тәрбие жұмыстары саласындағы жұмыстар тексеріліп, анықтамалары жазылып отырды.

Мектепте оқу-тәрбие жұмысының белгілі бір жүйесі ұйымдастырылған. Оның құрылымына директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігі, кітапханашы, педагог-психолог, әлеуметтік педагог кіреді. Мектептің тәрбие жүйесі оқу-тәрбие іс-әрекетін жүйелі ұйымдастыруға және дамытуға бағытталған. Педагогикалық процестің маңызды құрамдас бөлігі тұлғалық-бағдарлы білім беру болып табылады, онда мектеп білім алушыларының тұлғалық қасиеттері мен өзіндік дамуы жүзеге асады. Жұмыстар бірнеше негізгі бағыттар бойынша жүргізілді.

- Құқық бұзушылықтың алдын алу;
- Аудодеструктивті және суицидтік мінез-құлықтың алдын алу;
- Жобалық іс-шаралар өткізу;
- Кәсіптік бағдар беру жұмысы;
- Білім алушыларға әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету.

Мектеп директорының бұйрығымен әр сыныпқа сынып жетекшілер бекітілген, әр оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарлары жүйелі жасалады.

Оқу жылының басында сынып жетекшілердің білім алушылармен жүргізетін жұмыстары мектептегі тәрбие жұмысының кешенді-мақсатты бағдарламасымен сәйкестендіріліп жасалды.

Сынып жетекшілердің сапалық құрамы

Р/с	Аты –жөні	Білімі	Бітірген орны оқу орны	Санат туралы			Пед стаж	Атқаратын міндеті бойынша
				кат	сын ыбы	Қай жыл берді	Жалпы	
	2	4	5	6	7	8	9	12
1.	Айтбаева Нургул Жайлауқызы	Жоғары	Е.Букетов атындағы Қарағанды университеті	П-3 Үшінші санатты басшының орынбасары	1А	2023 2021	39,4	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
2	Калиясқарова Айгерим Буркитқызы	Жоғары	Қарағанды Болашақ Университеті	П-С	1Б	2020	13,4	

3	Саденова Бакытжан Разикызы	Жоғары	Е.Букетов атындағы Қарағанды университеті	П-3, Үшінші санатты басшының орынбасар ы	2А	2024 2021	37,4	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
4	Өмірзақова Айгерім Есенкелдіқызы	Жоғары	Е.Букетов атындағы Қарағанды университеті	П-П	2Б	2023	1	Ұйымдастыруш ы педагог
5	Саятбек Гүлзат Саятбекқызы	Жоғары	Академик Ж.С. Ақылбаев атындағы Балхаш маңызды білім беру колледжі	П-М	3А	2019	8,4	Тәлімгер 0,5
6	Ынтықбаева Бакыт Буркитбайқызы	Жоғары	КарМУ	П-М	3Б	2024	31,4	Кәсіби бағдар беруші педагог
7	Бегетаева Алия Толеугазықызы	Жоғары	КарМУ	П-3	4А	2024	34,4	
8	Еденова Айнур Несипбековна	Жоғары	Орталық Қазақстан академиясы	П-С	4Б	2020	16.4	
9	Едиресова Жұлдызай Сартаевна	Жоғары	Арқалық қаласының Мемлекеттік Институты	П-П	5А	2024	1,4	
10	Жеткін Назерке Халықтілеуқыз ы	Жоғары	КарМУ	П-М	5Б	2021	4,4	
11	Кәрібаева Арайлым Талғатқызы	Жоғары	Қарағанды Болашақ Университеті	П-М	6А	2020	13,6	
12	Шарипова Асем Абзалбековна	Жоғары	КарМУ	П-3	6Б	2021	13,4	
13	Айтбаева Нургул Жайлауқызы	Жоғары	КарМУ	П-3	7А	2019	19	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
14	Шакирбаева Назым Тасболатовна	Жоғары	КарМУ	П-С	7Б	2019	24,4	
15	Сатмаганбетова Жанар Аманжоловна	жоғары	КарМУ	П-3	8	2020	34.3	Директордың ресурстық орталық жұмыстары жөніндегі орынбасары

16	Қабыхан Аңсаған Дәуренбекұлы	Жоғары	КарГУ	П-М	9А	2024	11,4	Директордың ақпараттандыр у жұмысы жөніндегі орынбасары
17	Мухамеджанов а Забира Темиртасовна	Жоғары	Көкшетау педагогикалық институты	П-З	9Б	2021	39,4	
18	Райымбекова Майя Жанатбековна	Жоғары	КарМУ	П-С	10А	2022	17,4	
19	Ермекова Палмара Арынханқызы	Жоғары	КарУ «Болашақ»	П-З	10Б	2021	14,11	
20.	Сарсенбекова Гульмира Мугинқызы	Жоғары	КарМУ	П-З Екінші санатты басшының орынбасар ы	11А	2023	34,8	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
21	Саттыбаева Гульжанат Халыктилеуовна	Жоғары	КарМУ	П-З	11Б	2024	25,4	

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық құжаттары басшылыққа алына отыра, ҚР дәстүрлі мерекелері де тәрбие жұмысында қамтылды.

1. Мектепшілік тәрбие жоспары бойынша жалпы іс – шаралар;
2. ҚР мемлекеттік нышандарын насихаттау және қолдану бағдарламасы бойынша іс- шаралар
3. Өзін-өзі басқару және «Жас ұлан, жас қыран» ұйымы жұмыстары;
4. Ата – анамен жұмыс, құқықтық оқулар;
5. Мектеп қауіпсіздігі (Жол қауіпсіздік ережелерін насихаттау, балалар жарақатын болдырмаудың алдын алу шаралары, өрт қауіпсіздігіне арналған шаралар);
6. Сынып жетекші жұмысы;
7. Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстар;
8. Жазғы сауықтыру жұмыстары;
9. Қорғаншылық пен қамқоршылықтағы білім алушылармен жұмыс.
10. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу
11. Діни экстремистік көзқарасқа қарсы жүргізілетін шаралар

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.мақсатында тәрбие жұмыстары 2022-2023 оқу жылдары «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес 8 негізгі бағыт бойынша жұмыс жасады.

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие

4. Отбасылық тәрбие
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпаратты мәдениетті тәрбиелеу
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Тәрбие жұмысының жұмыс жоспары

2022-2023 оқу жылы

https://drive.google.com/file/d/1aQ3L-6oBMLVBb9V56tyxplfPLW8sCify/view?usp=drive_link

Тәрбие жұмысының талдауы:

2022-2023 оқу жылы

Мектептің тәрбие жұмысы 2022-2023 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен білім берудің нормативтік құжаттары негізінде құрылған:

- «Бала құқығы туралы» БҰҰ конвенциясы ;
- Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі- зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы заңы;
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы, 8 тамыздағы;
- «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы;
- «Балалардың денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169- VI Заңы;
- «Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 (19.04.2019-ға өзгерістер мен толықтырулар);
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы.

Мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру құрылымына директордың ТІЖ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, кітапханашы, педагог-психолог, әлеуметтік педагогтың қызметі кіреді. Осылайша, мектептің тәрбие жүйесі сыныптың және жалпы мектептің тәрбие қызметін жоспарлы ұйымдастыруға және дамытуға бағытталған.

Мектебімізде тәрбие жұмысы бойынша бір жылдық кешенді жоспар

директормен бекітіліп, сол жолспар бойынша жылдық циклограмма құрылып жұмыстар атқарылып жатыр. Тәрбие жұмысының басты мақсаты ол жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу болып табылады.

Тәжірибенің тұжырымдамалық негіздері

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады.

Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрдегі бірлескен жұмыс.

Тәрбие жұмысының мақсаты:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу;

Мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында;

Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау;

Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау.

Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сезімін жаңғыртуға аса мән береді.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.

2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету;

3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету;
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету;
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету;
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету;
7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту;
8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату;
9. Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру;
10. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен аулыңа, қала мен өңіріңе, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі, ұлт ететін мәдени-генетикалық кодтың негізі.

Күтілетін нәтижелер:

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері:

- Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмді, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін;
- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметі;
- Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді;
- Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын;
- Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-

қатынасын қалыптастыруды;

-Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығымен мәдениетінің жоғары деңгейін;

-Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.

-Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді, жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, тандау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыруға бағытталған.

Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету

Тәрбие міндеттерін шешу барысында келесі қағидаттары мақсатты түрде пайдаланған дұрыс: табиғат сәйкестігі қағидаты, гуманизация қағидаты, үздіксіздік қағидаты, мәдени сәйкестік қағидаты, этникалық қағидаты, қызметтегі және қызмет арқылы тәрбие қағидаты, субъективтік қағидаты, педагогикалық қарым-қатынасты дербестендіру қағидаты, полисубъектілік қағидаты, диалогтілік қағидаты, белсенділік қағидаты принципі, талаптылығы жоғары тұлғаны құрметтеу қағидаты, жетістікті қамтамасыз ету қағидаты принципі, позитивке сүйену қағидаты, білім алушылардың кері және жеке ерекшеліктерін есепке алу қағидаты принципі, ұжымда және ұжым арқылы тәрбиелеу қағидаты, тәрбие әрекеті өмір мен және өнер кәсіптік практика мен байланысының бірлік қағидаты, балалардың өмірін эстетизациялау қағидаты, оқушылардың бастамасы мен тәуелсіздігінің дамуы мен педагогикалық басқаруды біріктіру қағидаты, жалпыға ортақ адами құндылықтардың қағидаты, білім берудің рухани-адамгершілік дәстүрлері мен ұлттық және әлемдік мәдениеттің нормаларына негізделуі керек екендігін көрсетеді.

Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізілді:

1. «Бала құқығы туралы» БҰҰ конвенциясы;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл;
4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
5. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
6. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169VI Заңы;
7. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды

дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыружағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.

10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.

12. Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде орта білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар.

Тәрбиенің басым бағыттары:

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды.

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;

2. Рухани-танымдық тәрбие;

3. Ұлттық тәрбие;

4. Отбасылық тәрбие;

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

2022-23 оқу жылында келесі жобалар іске асырылады. «Мектептің өзін-өзі басқару», «Дебат» қозғалысы, «Оқуға құштар мектеп», «Отбасы мектеп», «Музей сабақтары», «Театр сабақтары» жобалары.

Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар

1 бағыт Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Мақсаты: балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас.

2022-2023 оқу жылының басталуы Сыңғырла алғашқы қоңырау салтанатымен ашылып, «Білімге ұмтылу еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында өтті.

Сілтемесі:

<https://www.instagram.com/p/Ch9tSQeIy6N/?igsh=M2F4NDF5NHhocDJm>

5 қыркүйек Қазақстан халқы тілдері және А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай «Тіл кемел болашақ тұғыры» тақырыбында декада өтті. Дүйсенбілік жиында «Тіл кемел болашақ тұғыры» тақырыбында саптық жиын өтті, жоғары сынып оқушылар арасында «А.Байтұрсынұлы және тіл мәдениеті» атты дөңгелек үстелі өткізілді. Дене шынықтыру мұғалімдері спорт түрлерінен жарыстар өткізді. Технология пән мұғалімдері А.Байтұрсынұлы шығармаларынан сурет байқауын ұйымдастырып өткізді.

Сілтемесі:

<https://www.instagram.com/p/ChBMehIHzz/?igsh=cjdqaTV0YThzeGc5>
<https://www.instagram.com/p/CiHNmtRogjO/?igsh=bHYxb20xMWFwcGY=>

2-4 сыныптар «Мемлекеттік рәміздер ұлт мақтанышы», 5 сыныпта «Мемлекеттік рәміздер елдігіміздің нышаны, 6 сыныпта «Мемлекеттік рәміздер тәуелсіздік символы», 7 сыныпта «Үмітін елдің арқалап, арманнан туған рәміздер» 8-9 сыныптарда «Рәміз ел беделі», 10 сыныпта «Қазақстан Республикасының рәміздерін білу менің міндетім», 1 сыныпта «Менің Қазақстанымды әлем таниды» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

Сілтемесі:

<https://www.instagram.com/p/Cj9icrOonRI/?igsh=cTk2ZWRzeHBwYWR6>

Республика күніне байланысты іс-шара жоспары жасалынып бекітілді. Салтанатты жиын, «Ата- баба жері - сенің жерің!» тақырыбында сыныптарда сынып сағаттар ұйымдастырылып өтті. 5-7 сыныптар арасында жалпы республикалық диктант, 0-4 сыныптар арасында сурет байқауы, «Менің арнымдағы Қазақстан» тақырыбындағы эссе байқауы, сабақтан тыс уақытта Ақтоғай ауданының маслихат депутаты, мектебіміздің 2011 жылғы түлегі Керімбай Ерден Мәрленұлымен мектеп парламенті өзін- өзі басқару ұйымының Президенті және фракция мүшелерінің қатысуымен «Қайта оралды қазағыма Республика күні» тақырыбында кездесу ұйымдастырылып өтті. Оқушылар арасында мәнерлеп оқудан челлендж, 5-11 сыныптар арасында қабырға газеттер байқауы, «Патриотизм дауысы» жаппай мемлекеттік Әнұраны орындалды. Апталық бойынша өткізілген шаралардың барлығы элеуметтік желіге жүктелініп, қорытындыланды.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздері мен нышандарына деген патриоттық сезімді қалыптастыру, оқушылардың өз жеріне, өз халқына деген сүйіспеншілігін қалыптастыру мақсатында 2-4, 5-7 сыныптар арасында «Мемлекеттік рәміздер әлеміне саяхат» тақырыбында сауалнамалар алынып, қорытындыланды.

Сілтемесі:<https://www.instagram.com/reel/Cj9iIMmobv-/?igsh=MTdsdWNkaDk2dzI0cQ==>

<https://www.instagram.com/reel/Cj76nTJIGwI/?igsh=MWk5ZGhoNWJmaWc1aA==>
<https://www.instagram.com/p/Cj7Gz7yIqSh/?igsh=MWdhanpyeGF0empiYw==>
<https://www.instagram.com/reel/CkDJNbLIFQR/?igsh=bTlwY2F4eWRneGI1>

Сілтемесі:<https://www.instagram.com/reel/CkDJNbLIFQR/?igsh=bTlwY2F4eWRneGI1>

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында білім алушылардың «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының заңдары, «Қазақстан 2020: болашаққа жол» 2020 жылға дейінгі мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы негізге ала отырып мектепте қыркүйек айында мектеп парламенттерін сайлау ең жауапты жұмыстардың бірі болып табылады.

Яғни мектеп парламенті құрылымы 8 фракциядан тұрады:

1. Құқық және тәртіп фракциясы.
2. Ақпарат фракциясы.
3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы.
4. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы (психология).
5. Қамқорлық фракциясы (еріктілік).
6. Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркемшығармашылық).
7. Дебат қозғалысының фракциясы
8. Экология және еңбек фракциясы

Мектебімізде 23 қыркүйек 2022 жылы сағат 9:00 ден бастап 12:30 дейін мектеп президентін сайлау өткізілді. Мектеп президенттігіне үміткерлер 10 сынып оқушылары Боранқұл Ерасыл мен Құрманғали Әли және 9а сынып оқушысы Мақсұт Диляра сайлауалды бағдарламаларын жасады. Бағдарламалары әлеуметтік желіде жарияланды. Сайлауға 100 сайлаушы қатысты. Сайлау қорытындысы бойынша Мақсұт Диляра -15 дауыс, Боранқұл Ерасыл -29 дауыс, Құрманғали Әли – 56 дауыс жинады. Мектеп президенті болып 56 дауыс жинаған Құрманғали Әли тағайындалды. Мектеп парламент құрамы жасақталынып өз жоспарларын жасады.

Сілтемесі:

<https://www.instagram.com/reel/Ci2bvpd0x-/?igsh=eGJlODhnbTBpcmU=>

Алғашқы әсери дайындық мұғалімі Ғ.Омашев оқушылар мен оқытушылар, кіші қызметкерлер арасында «Терроризм актінің қаупі туындаған немесе терроризм актісі жасалған жағдайда іс- әрекет пен іс- қимылды әзірлеу бойынша практикалық жаттығу өткізді.

Сілтемесі:

<https://www.instagram.com/p/CkRC0yRoH55/?igsh=MWltdHBweXM0bmE4ZQ==>

7 мамыр Отан қорғаушылар күніне орай “Жас ұландар-мақтанышы елімнің” тәрбие сағаттары өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/Cr0TKQxorV8/?igsh=bHJzOGE0NG5lbGow>

Ұлы Жеңістің 78 жылдығына орай ардагерлерге құрмет көрсету, алғыс айту мақсатында “Жеңіс лентасы-жеңіс символы” атты челлендж өтті.

<https://www.instagram.com/reel/Cr2TIqSoRd5/?igsh=cng3eGx4MDdrcXYw>

<https://www.instagram.com/p/Cr3zO5Fov-w/?igsh=enNpOXo2dTVzaXR2>

Туындаған мәселелер: Құқықтық органдардан арнайы мамандардың аз денгейде шақырылуы және басқа мектептермен құқықтық бағытта жүргізілетін іс-шаралардың аз өтуі.

Шешу жолдары:

- Құқықтық органдардан арнайы мамандардың келуін қамтамасыз ету;
- Мектептегі психологиялық сауаттылықты арттыру және ата-ана мен мектеп арасындағы психологиялық ахуалды жақсарту

2 бағыт Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жағырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; "Өзін-өзі тану" негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру.

Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: жаңарту мен жаңғырту жолы» Жолдауы, Мемлекет басшысының «Абай және І ғасырдағы Қазақстан» мақаласы (2022 жылғы 16 наурыз), ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа ала отырып рухани адамгершілік құндылығы бойынша жұмыстар атқарылды.

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды.

Мектебімізде «Құндылықтарға негізделген білім беру моделі» 2022-2023 оқу жылынан бастап енгізілді:

Қыркүйек айы – «Сүйіспеншілік айы»

Қазан айы- «Кішіпейілділік айы»

Қараша айы – «Патриотизм айы»

Желтоқсан айы - «Құрмет айы»

Қаңтар айы – «Ынтымақтастық айы»

Ақпан айы – «Еңбек пен шығармашылық айы»

Наурыз айы – «Ашықтық айы»

Сәуір айы – «Өмір бойы білім алу»

Мамыр айы - «Адалдық айы» тақырыптарында тәрбие жұмыстары жүргізілуде. Мектептің бірінші қабатынан бастап осы құндылыққа бағытталған ай сайын қанатты сөздер, аңыз әңгімелер, мақал мәтелдер, жұмбақтар және оқушыларға бағытталған сұрақтар ілініп тұрады. Тәрбие жұмысына қажетті нормативтік-құқықтық құжаттар мен әдістемелік және ақпараттық мәліметтер жинақталған. Тәрбие жұмысының негізгі мақсаты: рухани-адамгершілік қасиеттері мен патриоттық сезімдерін қалыптастыру, қоғамда өздерін көрсете алатын және өз еліне пайдалы бола алатын тұлға қалыптастыру болып табылады. Мектепте 19 сыныпқа сынып жетекшілер және 2 даярлық тобына тәрбиешілер жетекшілік жасап, жоспарын құрып, жұмыс жүргізуде.

Рухани адамгершілік тәрбиенің мақсаты жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін келетін «Рухани жаңғырудың» құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру мақсатында

«Адамгершілік асыл қасиет» тақырыбында 5-7 сыныптар арасында тәлімгерлер Г.Азимбаева мен А.Мұқашбек тренинг ұйымдастырып өткізді. «Ұл ұятымен, қыз қылығымен ардақты» тақырыбында мектептің 8-11 сынып қыз балалар арасында З.Мухамеджанова дөңгелек стол өткізді. «Қарты бар елдің қазынасы бар» тақырыбында тәрбие сағаттары 2Б, 5Б, 6, 7Б, 8Б сыныптар арасында әр түрлі формада өтті. «Қайырымдылық» еріктілер ұйымы қарттарға көмек көрсету мақсатында қарт ардагерлерге көмек көрсетілді. Барлық өткізілген шаралар әлеуметтік желілерге жарияланып отырылды.

Республика күніне байланысты іс-шара жоспары жасалынып бекітілді. 17 қазан күні салтанатты жиын, «Ата-баба жері - сенің жерің!» тақырыбында сынып сағаттар өтті. «Әсемдік әлемі» эстетикалық сауаттылық апталығының ашылу салтанаты өтті. Оқушылар өткізілетін іс –шара жоспарымен таныстырылды. Шара барысында 5-7 сыныптар арасында «Шеберлер әлеміне саяхат» тақырыбында әлемнің ең жақсы мұражайларына виртуалды саяхат жасалынды. «Музыка әлеміне саяхат», «Музыкалық аспаптар» тақырыбында 3 а сыныбында музыка пән мұғалімі «Сен білесің бе?» викториналық сабақ өткізді.

1-4 және 5-7 сынып оқушылар арасында табиғи материалдардан жасалған бұйымдар көрмесі өтті. Оқушыларды Қазақстан халқының мәдени мұрасымен таныстыру мақсатында 2 сынып оқушыларына «Мәдени мұра» тақырыбында қазақстан суретшілері туралы мағұлматтар берілді.

Оқушылардың ой өрісін кеңейту, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында 8-9 сыныптар арасында «Сувинер жасау» шеберлік сыныбы құйымдастырылып өтті. «Мен суретшімін-дизайнермін» тақырыбында 5-7 сыныптар арасында эскиз салу сайысы өтті. «Іскер, білгір» интеллектуалдық, танымдық сайысы ұйымдастырылып өтті. 10-11 сыныптар арасында «Өнердегі жаңа үрдістер» тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды. «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында 6 сынып оқушыларымен сыныптан тыс шара өтті. Қалдық материалдардан гүлдер мен жапырақтар композицияларын жасау, танымдық қызығушылықтарын дамыту мақсатында 1-4 сыныптар арасында «Гүлдер мен жапырақтар» тақырыбында сыныптан тыс шара өтті. 2А сынып ата-аналары мен оқушылар арасында «Баланы қалай тәрбиелейміз» тақырыбында отбасы құндылықтары туралы тренинг өтті. Мектеп орта буын қыз балаларының шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында 5-7 сынып қыз балалар арасында «Ал, қанекей қыздар!» сайысы ұйымдастырылып сайыс қорытындыланды. 8-10 сынып оқушылар арасында «Білім алу мекемелерінде балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгездік тақырыбында дебат ұйымдастырылып өтті. 5-7 сынып оқушылар арасында «Әлем халықтарының ұлттық тағамдарының ерекшеліктері» тақырыбында буклеттер, презентация, байқауы өтті. Мектепалды даярлық тобында «Сиқырлы

күз» көрмесі ұйымдастырылып өтті. 1 сыныптар арасында «Суреттің әңгімесі» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

Қысқы демалыс кезеңіндегі «Қыста оқимыз» іс-шаралары жасалынып бекітілді.

1. 1-4 сынып оқушыларына «Жиренше шешен» әңгімелері, Гүлнар Мұқышева «Алтын медаль» кітаптары

2. 5-9 сынып оқушыларына Мадина Омарова «Көмбе нанның дәмі», Оралхан Бөкеев «Қар қызы» әдеби кітаптары

3. 10-11 сынып оқушыларына Ж. Түменбай «Қардағы іздер», Жұмабай Шаштайұлы «Қызыл қар» кітаптарын оқу ұйымдастырылды.

«Қыста оқимыз» іс шараларының қорытындыланды.

Ұлттық құндылықтары- тәрбиенің түп қазығы" тақырыбында 8-11 сыныптар арасында эссе байқауы өтті «Кітап оқу- рухани кемелдену» тақырыбында 1-7 сынып оқушыларымен бестік диктант алынды. Қорытындысы бойынша «Бестік диктантта шығармашылығын ұштағаны үшін 7а сынып оқушысы Өмірбай Ж., 1 б сынып оқушысы Есімхан Айзере марапатталды.

Жас ұрпақ бойына жоғары азаматтық және рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, олардың көркем әдебиетке қызығушылығын дамыту, отбасылық кітап оқу дәстүрін арттыру мақсатында ХХІ ғасыр- сауатты ұрпақ ғасыры " оқу сауаттылығы апталығы аясында "Менің отбасым және кітап " фотогалерея мен "Kitap Fest -2023" фестивалі ұйымдастырылды

Сілтемесі: _

<https://www.instagram.com/reel/CnuGxtStEVR/?igsh=d3VldHBkM2N3b3ly>

Күзгі демалыс кезінде оқушылар қауіпсіздік ережелерімен толықтай сынып сағаттарында таныстырып өтті. Күзгі демалыста спорттық ойындар, шағын футболдан жарыстары ұйымдастырылды. Даярлық, 1А,Б, сыныптары аудандық мұражайға саяхат, 5 сыныптар өнер мектебіне саяхаттар жасап, 5- 11 сыныптар арасында М.О.Әуезовтың 125 жылдығына орай жазушының шығармаларынан жас ерекшеліктеріне байланысты кітап оқудан марафон ұйымдастырылды. 5 сынып. М.Әуезов «Жетім», 6 сынып М.Әуезов «Қорғансыздар күні», 7сынып М.Әуезов «Көксерек», 8 сынып М.Әуезов «Еңлік кебек», 9 сынып М.Әуезов «Қараш-қараш оқиғасы» 10-11 сыныптар «Абай жолы»

Сілтемесі:

<https://www.instagram.com/reel/CkfrbCro0bt/?igsh=MTBzejh6eXZnZ3liZg==>

<https://www.instagram.com/reel/Ckfs2kpIsVp/?igsh=eGZlZGdudTQwNmZu>

<https://www.instagram.com/p/CkhnoksoTrU/?igsh=bW9yN2Vreng3bGh0>

<https://www.instagram.com/p/Ckhn7R6oDHM/?igsh=MXE4ZGY3MjBlM3B4YQ==>

22 наурыз мерекесіне орай арнайы жоспар жасалынып жоспар барысында «Наурыз, думан тамаша!» сынып сағаттары «Қош келдің, әз Наурыз!» мерекелік концертті ұйымдастырылды. «Атадан қалған асыл сөз» ақсақалдар алқасымен кездесу, «Имандылық ұл- қызға жарасады» дөңгелек үстел, «Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген» дөңгелек үстел ұйымдастырылып өтті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы « Адалдық сағаты» өткізілді. Адалдық сағат барысында «AMANAT» партиясының Қарағанды Облыстық филиалының атқарушы хатшысы Б.Алтынбековпен түсірілген бейнеролик көрсетілді.

Оқушылар өз ойларын ортаға салып сұрақтарға жауап берді.

Сілтемесі:

<https://www.instagram.com/p/CiHNbKfoYho/?igsh=NmZlcnViMWVieHA4>

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы “Адалдық сағаты” өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/Cr0TKQxorV8/?igsh=bHJzOGE0NG5lbGow>

3 бағыт Ұлттық тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау. Бектурганова С.У, Әбен С ұйымдастыруымен көркем еңбек пәні бойынша көрме жұмыстары ұйымдастырылды. Сабақ барысында ұл балалар ұсталық ағаш өнерімен, күйдіру жұмыстарымен танысса, қыз балалар тоқыма, кесте тігу, киім тігу, аппликация, матамен жұмыс сияқты жұмыстарды үйрене отырып, олардың тарихымен танысады және өңдеу, жасалу технологиясын оқып-біліп, әр-түрлі бұйымдарды жасауды толық меңгереді. Тігін өнерімен қатар бисер тоқу, су моншақпен жұмыс жасау, қағазбен жұмыс, табиғи материалдармен жұмыс жасау білім алушылардың қиялын кеңейтіп, жұмыс істеуге деген қабілеттерін арттырды

« Ұл ұятымен, қыз қылығымен ардақты» тақырыбында мектептің 8-11 сынып қыз балалар арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылып өтті. .

Сілтемесі:

<https://www.instagram.com/p/Cikz1mQIQSJ/?igsh=MXYZcmxpd3F2cjc5Zw==>

29 қыркүйек күні мектеп мұғалімдері мен «НЗМ» ДББҰ қызметкерлері арасында Республикалық тәжірибе алмасу семинары өтті. Семинарға «НЗМ» ДББҰ басқарма төрайымы Шамшидинова Куляш Нагатаевна «Неліктен білім жүйесінде өзгерістер болып жатыр» тақырыбында баяндама оқыды. Сонымен қатар Ж.Ж.Қабдыкаримова, Л.Тұрсынова, А.И.Дошанов. Р.М.Якупов өз тақырыптарында баяндамалар оқыды.

Сілтемесі:

<https://www.instagram.com/p/CjGYypZIMJo/?igsh=MWEwNG9taG4yNTNpbQ==>

